

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Еуразияда қалыптасқан жаңа геосаяси жағдай туралы

Адамбек Б.К., т.ғ.к., профессор, Адамбеков Е.К., т.ғ.к., доцент
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Болашақ»
университеті, Қарағанды қ. adamбек В @ mail ru

1991 жылдың аяғында территориясы бойынша әлемдегі ең үлкен алпауыт мемлекет Кеңес Одағы ыдырағанда, Еуразияның орталағында орасан зор геосаяси жағдай қалыптасты мұның өзі жер картасынан маңызы бойынша теңдесі жоқ құрлықты өшіріп тастағандай әсер етті [1, 108 б.].

Бүкіл әлемге үстемдік орнатқысы келген коммунистік империяның ыдырауы заңды үрдіс болды, өйткені кеңестік системаның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы түзелмейтін дағдарысқа ұшырады. КСРО-ның ыдырауы бүкіл әлемдік қауымдастықты таңғалдырды және Батыс елдерінде қорқыныш та тұғызды деп айтуға болады. 1991 жылдың желтоқсан айында Кеңес Одағының ыдырағаны туралы Ресей, Украина және Белоруссия басшылары ресми түрде жариялады [2]. Осыдан кейін Алматы декларациясы бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы деген халықаралық ұйым пайда болды [3, 256 б.].

Кеңес Одағының ыдырауы коммунистік система негізінде сақтап келген бұрынғы Ресей империясының негізі жойылды деп түсіну керек. Енді осы кеңістікте 15 тәуелсіз мемлекеттер пайда болып, өздерінің ішкі және сыртқы саясаттарын шамаларына қарай жүргізе бастады, бірақ мұндай саясатты жүргізу жаңа қалыптасқан геосаяси жағдайға байланысты болды, өйткені қазіргі халықаралық аренадағы Ресейдің рөлі мен алатын орны оның геосаяси жағдайына байланысты, былайша айтқанда дүниежүзілік күштердің ықпалы мен саясатындағы бағыттармен есептесу күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналды. Сонымен қатар, Ресейдің геосаяси жағдайын сараптағанда: географиялық, саяси, әскери экономикалық және т.б. факторларды міндетті түрде есептеген жөн.

Ресей геосаяси жағдайының ерекшелігіне тоқталсақ, бұл мемлекеттің маңызды кеңістіктер мен географиялық нүктелерді бақылауға алатын мүмкіншіліктері бар екені байқалады [4, 24 б.]. Мұндай мүмкіншілдік геосаяси субъекттің өміршілдігіне және қабылетіне байланысты. Өзінің геосаяси жағдайында РФ Ресей империясы мен Кеңес Одағының мұрагері ретінде жаңа ситуацияда қалды. Бұл ситуация бірқатар геосаяси заңдылықтардың ықпалымен қалыптасып дами бастады және бұл үрдістің өзінде көптеген ерекшеліктері болып отырғанын атап кеткен жөн.

XX ғасырдың соңына қарай Кеңес Одағы біртіндеп социалистік лагердегі, одан соң одақтас республикалардағы зор ықпалынан айырыла бастады. Бұл үрдістің дамуына ішкі саяси-экономикалық, идеологиялық және халықаралық жағдай әсер еткені белгілі болып отыр. Ресейдің КСРО-ның мұрагері ретінде айбынды саясат жүргізуге мүмкіншіліктері болмай қалды, оның көптеген себептері де болды.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, оның 22 млн. ш. км. Территориясының 17 ғана Ресейде қалды. Ресейдің мүмкіншіліктері көбінесе транспорт және географиялық факторлармен тығыз байланысты еді, сондықтан Ресейдің территориялық құрылымы бұрынғы КСРО-да болған транспорттық инфрақұрылымға сәйкес болмайтын болды. Ресейдің Оңтүстік–Сібір және Транссібір негізгі магистральдары Солтүстік Қазақстанның территориясы арқылы өтетін болды, осы территорияда жоғарғы вольтты электро-байланыс жүйелері және труба құбырлары да қалып қойды.

Батыс шекарада да жана геосаяси жағдай қалыптасты. Ресей мен Еуропаның арасында бірнеше тәуелсіз мемлекеттер пайда болғаннан кейін РФ-ның Балтық және Қара теңіздеріне шығатын мүмкіншіліктері әлдеқайда шектелді, өйткені бұл теңіздердегі бұрынғы порттардың басым көпшілігі енді шетел порттарына айналды. Балтық теңізіндегі ірі порттардан – Санкт-Петербург, Қара теңіздегі –Новороссийск және Туапсе порттары ғана Ресейдің еншісінде қалды [5, 502 б.]. Батыс шекарада КСРО-ң 25 теміржол өткелдері болса, кәзір олардан Калининград облысынан Польшаға жүретін біреуі ғана қалды. Негізгі теміржол өткелдері Белоруссия, Украина және Молдовада қалып қойып отыр.

Геосаяси өзгерістер Ресейдің шекарасына зор әсер етті, бұрын Ресеймен 8 мемлекет шекаралас болса, енді олардың саны 16 жетті. Әрине көп мемлекеттермен шекаралас болу Ресейдің сауда-экономикалық қатынастарына көптеген қиыншылықтар тұғызып отырғаны анық байқалып отыр. Балтық, Қара теңіз жағалауларынан, Қырым түбегінен айрылу Ресей саясаткерлерінің айтуы бойынша I Петр кезіндегі жағдайға жеткізгендей болды. Өз уақытында Кеңес Одағы әлемдік мұхитқа шығатын көптеген жолдардың иесі болса, кәзіргі Ресей Солтүстік-Батыс, Оңтүстіктегі стратегиялық кеңістіктерді бақылайтын мүмкіншіліктерінен айрылды.

Көрші геосаяси субъекттер-Балтық мемлекеттерімен Ресейдің қарым-қатынастарына бірқатар экономикалық, шекаралық және саяси проблемалар орын алып отырғанын атап кеткен жөн сияқты. Бұл қиыншылықтарға дәстүрлі болып отыратын ресей-украин жанжалдары, Молдова мен қатынастардағы Приднестровье проблемаларын қосып айтуға болады.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Ресейдің сыртқы саясатында ерекше маңызды мақсат қойылды – ол орыс елінің жаңа мемлекеттілігін қалыптастыру және оның біртұтастығын сақтап қалу еді [6]. Сонымен қатар, маңызды мәселелерінің бірі кәзіргі Ресейдің жаңа жағдайдағы шекараларын бекітіп, оны танытқызу болды. Ресей геосаясатының маңызды бағыттары бойынша, ол Украина, Белоруссия және Қазақстан сияқты жаңа мемлекеттермен саяси-экономикалық қатынастарды үзбей оларды қайта дамыту керек болды, өйткені айтылған мемлекеттер Ресей үшін пайдалы саяси және экономикалық партнерлер болып есептелді. Осы жағынан қарағанда Ресей көрші Қазақстанмен саяси-экономикалық қатынастарды дамытуға ерекше мән берді, өйткені екі ел арасында құрлықтағы ең ұзын (1700 км) шекара өтеді [7]. ТМД кеңістігіндегі Қазақстанға келетін

тауарлардың 70% жуығы Ресейден келеді [8, 215 б.]. Ресей мен Қазақстан өздерінің табиғи ресурстары жағынан өте бай мемлекеттерге жатады, сондықтан осы ресурстарды экспорттау екі мемлекеттің маңызды экономикалық саясаты болып есептеледі. Аймақтық кәуіпсіздік мәселелерін екі мемлекет бірге шешуге тырысады, сондықтан әскери ынтымақтастыққа мән беріледі, мысалы Қазақстан территориясында 50 астам ресейлік қорғаныс кәсіпорындары мен мекемелері жұмыс істейді [9]. Сонымен қатар, Кеден одағын құрудағы басты рөлді Ресей мен Қазақстан атқарып отырғаны белгілі жағдай.

Аймақтық держава ретінде Ресей Каспий шельфінен шығатын мұнайдың бағыттарын қадағалағысы келеді, өйткені Каспий бассейні Қара теңіз, Балтық теңіздері сияқты Ресейдің геостратегиялық территориясы деп есептеледі. Сондықтан Каспий аймағындағы елдерге Ресей өзінің ықпалын күшейтіп басқа ірі державаларды жібергісі келмейді, бұл жағдай Каспий аймағының табиғи байлығы үшін ірі державалар арасында күрес басталғанын дәлелдейді [10, 268 б.]. Сонымен қатар, Ресейдің халықаралық субъект ретінде әлсіреуіне байланысты Оралық Азия, Еділ және Кавказ кеңістігінде «Түрік» және «Ислам» факторлары күшейе бастады, әрине бұл үрдіспен есептесуге Ресей мәжбүр болып отыр [11, 444 б.].

Ресейдің геосаяси жағдайын алаңдататын бірқатар басқа проблемалар бар, оның маңыздыларының бірі Еуропа кеңістігіндегі болып жатқан өзгерістер, мысалы, НАТО-ң саясаты оның Шығысқа жылжуы және осы үрдістің әскери-саяси мағынасы. Ресей саясаткерлерінің пайымдауынша, НАТО-ң Шығысқа жылжуы біріншіден; осы блоктың күшейуіне, екіншіден; орыс жерлеріне қауіп төндіруіне әкеп соғады, сондықтан Ресейдің ресми өкілдері осы үрдіске қашан да болса алаңдатушылығын білдіріп отырады. Таяуда ғана Ресей басшылығы НАТО-ң Шығыс Еуропада ПРО системасын орнату жоспарына байланысты, өзінің де Калининград облысы және т.б. жерлерде әртүрлі ракетақондырғыларын орналастыратыны туралы мәлімдеме жасады [12, 2б.]. Осыған қарағанда, Ресей басшылары баяғы КСРО билеушілері сияқты бүкіл әлемді өздерінің ракеталарымен қорқыту-үркіту саясатын бастап отырғаны байқалады. Аталған мәлімдемені сипаттаған халықаралық ақпарат құралдары «қырғи-қабақ соғыстың» басталуы мүмкін деуінде негіз бар екені байқалады.

Ресейдің Шығыс бағытындағы жағдайына назар аударсақ, мұнда оның Қиыр Шығыстағы, Шығыс Азиядағы және Тынық мұхиттағы позицияларының әлсірегені байқалады. Бұл аймақтардағы Ресейдің орнына Қытайдың келгенін көріп отырмыз, өйткені бұл мемлекет нарық бәсекелестігіне дайын болып шықты. Өзінің ІЖӨ бойынша Қытай дамыған мемлекеттердің қатарына қосылды, және ол бойынша, Жапония екеуі әлемдегі 2-3 орынды алып отыр, ал Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша, Қытай 20 жылдан кейін бірінші орынға шығып АҚШ-ы екінші орынға ығыстырады, содан кейінгі орындары: Жапония, Индия және Индонезия мемлекеттері алуы мүмкін деп ресми түрде көрсетеді [13, 311 б.].

Азия және Тынық мұхит аймағы ХХІ ғасырдағы перспективасы зор территория деп есептеледі, бірақ мұндағы Ресейдің ірі держава ретінде рөлі көбінесе әскери-саяси емес, қайта экономикалық мүмкіншіліктеріне байланысты болады дейді кейбір халықаралық сарапшылар. Соған қарамастан екі құрлықта орналасқан территориясы, есепсіз табиғи байлығы бар Ресей, кәзіргі заманның ірі геосаяси субъекті болып қала бермек. Сонымен қоса, көп векторлы сыртқы саясат жүргізіп отырған Ресей Федерациясы Азия және Тынық мұхит аймағына белгілі үміт артып отырғаны анық, өйткені бұл Сібір және Қиыр Шығыстағы экономикалық бағдарламамен тығыз байланысты болып отыр. 1997-2005 жылдардағы осы аймақ мемлекеттерінің басшыларымен кездесуде Ресей жағы қаржы-экономикалық мәселелерді бірге шешуді ұсынды [11, 488 б.]. Осыған қарағанда Ресей «Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығынан» (АТЭС) және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің Ассоциациясымен (АСЕАН) интеграциялық үрдістерді дамытуға дайын екенін айқын көрсетті.

2008 ж. президент Д. Медведев бекіткен Ресей Федерациясының сыртқы саясатының Концепциясында Ресейдің Африка мемлекеттерімен әржақты саяси және экономикалық қатынастарға мән береді және осындағы аймақтық жанжалдарды әртүрлі дағдарыстарды бірге шешуге дайын екенін мәлімдеді. Осы құжатта Ресей жағы Бразилия, Мексика, Куба, Венесуэла және т.б Латын Америка мемлекеттерімен стратегиялық және партнерлік қатынастарды дамытуға өз күшін салады деп көрсетілді [12]. Осыған орай, Ресей аталған мемлекеттерімен халықаралық ұйымдарда бірге жұмыс істеуге Латын Америка мемлекеттеріне өнеркәсіп тауарларын сатуға, энергетика және инфрақұрылым саласында интеграциялық үрдіске қатысатыны туралы өз көзқарасын ашық білдірді [13].

Бұрыңғы КСРО территориясының батысында Украина, Белоруссия және Молдова сияқты жаңа мемлекеттер пайда болғаны осы аймақтағы геосаяси жағдайды өзгертті. Әсіресе көп салалы экономикасы, 52 миллион халқы бар Украинада ірі державаға айналатын мүмкіншілігі пайда болды, мұның өзі бұрыңғы славян халықтарының ынтымақтастығына кері әсер ететін жағдай қалыптастырды [14]. Украинаның тәуелсіз болғаны Ресейдің бұл аймақтағы саяси және экономикалық позициясын нашарлатып жіберді, өйткені енді Ресей Еуропаға шығатын болса, Украина, Белоруссия және Молдова мемлекеттерімен осы мәселені бірге шешуге мәжбүр болды. Ал Қара және Балтық теңіздеріндегі мәселелерді Ресей: Украина, Эстония, Латвия және Литва елдерінен бірге шешетін болды. КСРО ыдырағаннан кейінгі қалыптасқан жағдайда: Украина, Белоруссия, Молдова және Балтық жағалауындағы мемлекеттер Балтық елдерімен ашық саяси-экономикалық қатынастарды жүргізуге мүмкіншілік алды, осыған байланысты бұл аймақта Еуроодақ мүшелерінің ықпалы күшейе бастады, енді батыс мемлекеттері өздерінің геосаяси мақсаттарын орындауға толық мүмкіншілік алды. Сондықтан, бұрыңғы КСРО-ң батыс аймағындағы жаңа тәуелсіз мемлекеттер: Ресей, Германия, Франция және Англия сияқты ірі державалардың геосаяси мақсаттарымен есептесуге мәжбүр болып отыр.

Кеңес Одағының ыдырауы Кавказ аймағындағы тәуелсіз мемлекеттердің жағдайында жаңа ахуал қалыптастырды. Ресей осы аймақты бұрыңғыша өз ұысынан шығарғысы келмесе де Грузия, Армения және Әзірбайжан халықаралық қатынастарын нығайтуға тырысты. Атап кететін жағдайдың бірі, ол осы маңызды территорияда Түркияның ықпалының айқын байқала басталуы. Әсіресе түрік-әзірбайжан қатынастары жоғарғы деңгейге көтерілді, тегі, діні және дәстүрі бір екі мемлекеттің саяси-экономикалық және мәдени қатынастары басқаларға үлгі болатындай жағдайға жетті. Толық тәуелсіздікке ұмтылған Грузия Түркиямен бұрын болмаған көпсалалы қатынастар орнатты. Тіпті, орыс саясаткерлері қалыптастырған «армян геноциді» деген даурықпа концепцияға қарамастан, Армения басшылығы Түркия және Иранмен белгілі жағдайдағы қатынастар орнатты. Сонымен бірге Кавказдағы жағдай туралы аймақтық және ірі державалар да өз позицияларын анық білдіріп, мұндағы өздерінің ерекше мүдделері бар екенін мәлімдеді, мысалы Ресей бұл территорияны өзінің сыртқы саясаттағы ерекше бағыты десе, Иран Оңтүстік Кавказдағы өзінің «мемлекеттік қауіпсіздік зонасы» деп жариялады, ал АҚШ және оның одақтастары Кавказды өздерінің «ұлттық қауіпсіздік зонасы» деп ашық жариялады [15, 159 б.]. Осыған қарағанда Каспий және Қара теңіздің арасындағы Кавказ халықаралық күштердің геосаясатында ерекше орын алатыны байқалып отыр және осы жағдаймен Армения, Грузия, Әзірбайжан басшылары есептесуге мәжбүр болатындығы анық көрініп тұр.

Бұрыңғы Кеңес Одағының шығыс аймағында: Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан және Қырғызстан сияқты жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Ежелгі заманнан бері халықаралық қатынастарда ерекше рөл атқарған олардың территориясы Коммунистік империя кезінде оқшауланып қалып еді. Енді тәуелсіздік дәуірінде табиғи байлығы мол, Еуразияның стратегиялық кіндік жолында орналасқан, Батыс пен Шығысты байланыстырған осы елдердің территориялары бұл аймақта жаңа геосаяси жағдайды қалыптастырды [16, 15 б.]. Жаңа геосаяси жағдайда Ресей бұрыңғыша өзінің позициясын орталық-азиялық елдерде күшейтуге әртүрлі қадамдар жасай бастады. Сонымен қатар экономикалық жағынан қарқынды дамып келе жатқан Қытай, Қазақстан, Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан және Тәжікстанда өзінің ықпалын нығайтып күрделі саясатын іске асыра бастағаны байқалып тұр [17, 191 б.]. Ресей мен Қытайдың бастамасымен құрылған Ұжымдық Қауіпсіздік Шарт (ҰҚШ) және Шанхай Ынтымақтастық Ұйым (ШЫҰ) осы екі державаның орталық Азия мемлекеттерін өз саясатының шеңберінде ұстап қалғысы келетінін анық байқатады.

Мұнай, газ, уран, алтын, түрлі түсті металлдар және т.б. табиғи байлыққа мол, белгілі деңгейде өнеркәсібі мен ауыл-шаруашылығы дамыған Орта Азиядағы жаңа тәуелсіз елдердің геосаяси кеңістігіне әлемдегі көптеген мемлекеттер қызығушылық білдіре бастады олардың ішінде: АҚШ, Еуроодақ мүшелері, Индия, Жапония, Индонезия, Пәкістан, Түркия, Иран, АТР мүшелері және т.б. үлкенді-кішілі мемлекеттер. Осының өзі екі жағдайды байқатады: біріншіден, орталық-азия мемлекеттері, әлемдік саяси-

экономикалық қатынастарға белсенді қатыса бастады, екіншіден, аталған аймақтың орасан зор табиғи байлығы үшін ірі державалардың арасында ашық күрес басталғанын көруге болады.

Қаралып отырған проблеманы қортындылай келгенде, мынандай тұжырымдар жасауға болады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін оның территориясында 15 тәуелсіз мемлекет пайда болды, бұл жағдай бүкіл әлемде бұрын болмаған өзгерістер әкелді. Ең бастысы, «қырғи қабақ соғысы» саясаты аяқталып, өркениетті мемлекеттер көптеген проблемаларды адамзаттық құндылықтар арқылы шешетін болды. Посткеңестік территорияда қалыптасқан жаңа геосаяси кеңістік жаңадану дәуірінде ерекше рөл атқара бастады. Енді Батыс пен Шығыстың саяси-экономикалық және мәдени қатынастары бұрынғы уақытқа қарағанда қарқынды дами бастады.

Сонымен қатар, посткеңестік мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаттары әртүрлі болғандықтан бұлардың Еуропа, Азия, Таяу Шығыс елдерімен қатынастарында бірқатар проблемалар да пайда болды, оның ішінде: транспорт, сумен қамтамасыз ету, табиғи байлықтарды игеру, шекара мәселелері, халықаралық терроризммен күрес т.б.

Бірақ, қазіргі уақытта КСРО ыдырағаннан кейінгі қалыптасқан геосаяси жағдайды өз пайдаларына шешкісі келетін халықаралық күштер бар екенін де атап кеткен жөн. Мысалы, көрші Ресейдің бірқатар саясаткерлерінің 1914 ж. шекарасындағы «теңізден теңізге дейін» орналасқан «Улкен Ресейді» қалпына келтіру деген нешестүрлі жоспарлары, немесе Қытай саясаткерлерінің «Қытай тек бейбіт экспансия жүргізеді» деген астарлы мағнасы бар мәлімдемелері және американдық саяси қайраткерлерінің бұрынғы КСРО кеңістігін «тек АҚШ қана ұта беретін шахмат тақтасына айналдыру керек» деген және т.б. жоспарларын айтуға болады. Сондықтан, 1991 жылдан кейін Еуразияда қалыптасқан геосаяси жағдайды тұрақты сақтап қалу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы және т.б. халықаралық ұйымдардың бірлескен салқын қанды саясаты кепілдік бере алады. Бұрынғы КСРО орнында пайда болған геосаяси кеңістікке әлемдік көптеген халықаралық проблемаларды шешуге зор ықпал жасайтын өте маңызды аймақ ретінде қарау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бжезинский З. Великая шахматная доска.-М.:Международные отношения,2000.-386с.
2. Известия,1991,11 декабря.
3. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. - 344 б.
4. Рогов С. Новая повестка дня в российско-американских отношениях: экономические аспекты//США.Канада:экономика, политика, культура.-1998.-№2.-с23-29.
5. Орлов А.С.,Георгиев В.А.,Сивохина Т.А. История России. Учебник.- М.:Наука,1997.-544с.

6. Концепция внешней политики Российской Федерации/Утверждена президентом Российской Федерации Д.А.Медведевым 12 июля 2008 г./www.midzv
7. «Казахстанская правда», 2007, 14 декабря.
8. Мансуров Т. Казахстан и Россия: суверенизация, интеграция, опыт стратегического партнерства.-М: «Раритет»,1997,-с.367.
9. Вопросы экономики.-1995,№3.-с.101-104.
10. Назарбаев Н.А. В потоке истории.-Алматы: «Атамұра»,-1999.-296с.
11. Восток-Запад. Региональные подсистемы и региональные проблемы международных отношений. Учебное пособие.-М.:РОССПЭН,2002.-296с.
12. Аргументы и факты.2011,№48,30 ноября-6 декабря.
13. Адамбек Б.К. Жаһандану кезеңіндегі Ресейдің геосаяси жағдайы және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінің 75 жылдығына арналған «Жуасов оқулары-17» Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.-Қарағанды, 2013.-497б.
14. «Известия», 2008, 23 сентября.
15. Маринченко А.В. Геополитика. Учебное пособие.-М.:ИНФРА-М,2009.-429с.
16. Бырбаева Г.Б. Центральная Азия и советизм: концептуальный поиск евро-американской историографии.-Алматы.:Дайк-Пресс,2005.-484с.
17. Василенко И.А. Геополитика. Учебное пособие.-М.:Логос,2003.-204с.